

Комиссия құрамын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 16 тамыз N 389

Жеке тұрғын үй салу үшін "Алматы қалалық атқару комитетінің қарауына жер учаскелерін беру туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1990 жылғы 25 қазандағы N 424 қаулысымен Алматы қалалық атқару комитетіне берілген Дружба поселкесінің жерінде орналасқан "Ақсай" совхозының (қазіргі "Ақсай" асыл тұқымды мал зауыты" АҚ) өндірістік

объектілерін "Әсел" көпсалалы шағын кәсіпорнына "Дружба поселкесінің ауыл шаруашылығы мақсатындағы объектілерін беру туралы" Алматы қаласы әкімінің 1992 жылғы 19 наурыздағы N 18 қаулысымен беруінің құқықсыздығы туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің хатын қарау үшін комиссия мына құрамда құрылсын:

Шоқпытов А.М. - Қазақстан Республикасы Меммүліккомы
төрағасының бірінші орынбасары, төраға

Омаров Е.О. - Алматы облысы әкімінің орынбасары,
төрағаның орынбасары

Комиссия мүшелері:

Ақынбеков К.А. - "Әсел" шағын көпсалалы кәсіпорнының
директоры

Құрмашев К.Қ. - Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі
Алматы облыстық аумақтық комитетінің
төрағасы

Құсайынов А.Қ. - "Асыл" МАК вице-президенті

Милованов В.Д. - Алматы қаласы әкімінің орынбасары

Павлова В.Б. - Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігі құқықтық

жұмыс бөлімі бастығының орынбасары

Сигаев В.И. - Алматы облысы Қаскелең ауданындағы
"Ақсай" асыл тұқымды мал зауыты"
АҚ басқармасының төрағасы

Сүтемгенова Ж.Қ. - Қазақстан Республикасы Үкімет
Аппараты Заң бөлімінің сектор
менгерушісі

Шиқанаев К.Ш. - Қазақстан Республикасы Үкімет
Аппаратының Аграрлық сектордағы
реформалар бөлімінің аға референті

Комиссия қаралған мәселе бойынша тұжырымы мен ұсыныстарын 1996 жылдың 1 қыркүйегіне дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне табыс етсін.

Премьер-Министрдің
орынбасары